

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ – ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВ

Тұтқыш А.Ж., тарих факультеті 1 курс студенті,
ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Сақабай Т.Қ.
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Мақалада **КСРО-ның ыдырауын жеделдеткен Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне биыл 30 жыл толуына, тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналады.** Қазақ егемендігінің орнауына себеп болған Желтоқсан оқиғасы-біздің халқымыздың жоғары мемлекеттік патриотизмі мен жалпы батырлығының көрінісі. Қозғалыс ел мен ұлттың тәуелсіздік құқын қорғау үшін бас көтерген бір топ жастар болғаны мәлім. Тарихта ерекше орны бар, халықтың қасіреті мен ар намысына, сондай-ақ мақтанышына айналған бұл оқиғаның алғашқы құрбаны Қайрат Рысқұлбековтың ғұмырын қазақ халқының азаттығы мен саяси тәуелсіздігі үшін күреске арналған тұлға деп айтуға болады.

Қазақ халқының аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтармен ерекшеленетін кезеңі –XX ғасыр. Бұл кезеңде ел арасынан өздерінің білімділігімен, қайсарлығымен, өжеттілігімен, рухани парасаттылығымен суырылып шығып, ұлты үшін күресен азаматтар болды.

Қазақ халқы Кеңес өкіметіне қарсы шығуы ар-ұжданды бірінші қатарға қойып, қазақ ұлтының ұрпағы ретінде, кез-келген бассыздық саясатына жауап қайтарып отырды. Осы XX ғасырдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патшалық Ресейге қарсы бағытталған соңғы толқу болса, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Кеңес үкіметіне қарсы бағытталған соңғы бас көтеру болды.

Желтоқсан көтерілісі - 1986 жылы 16-18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының ұлттық санасының қаншалықты өскенін көрсетіп берді. Бір ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді. Жастар айдай әлемнің алдында кез-келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса көктеуге мойынсынбайтынын паш етіп берді[1].

1986 жылдың 16-18 желтоқсанында Қазақстанда болған қозғалыс халқымыздың тарихына мәңгіге хатталады. Ондаған жылдар бойы қордаланып қалған келеңсіздіктер-қоғамдық және мәдени салаларды қамтыған өрескел кемшіліктер, ұлт мәселесінің қатты шиеленісуі республика жастарының ызасын келтіріп, оларды күрес жолына түсуге еріксіз алып келді. Міне, сондықтан желтоқсан оқиғасының 30-жылдығына орай қайта зерделеу өзекті деп ойлаймыз.

Қазақ жастарының қатысуымен 1986 жылы Қазақстанда болған желтоқсан оқиғасының себептерін, салдарын және осыған орай осы кішігірім мақалада халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен желтоқсан құрбандарының бірі Қайрат Рысқұлбековтың өнегелі өмірі мен азаматтық істерін қарастыру болып табылады.

Ғылыми зерттелуде аталып жүрген желтоқсан оқиғасы жайлы жазылған мақалалар, ғылыми зерттеулер көркем әдебиет қатары қазіргі кезде өте көп. Желтоқсан оқиғасының барысы академик, тарихшы М.Қабашұлы еңбектерінде де арқау болды. Ғалым желтоқсан оқиғасын «қозғалыс» деп бағалап, оның басты себебіне, қорғаушы күшіне және тарихи маңызыдылығына тоқталды[2].

Желтоқсан қозғалысы тарихшы М.Қойгелдиевтің де еңбектерінде жан-жақты талданды. Ғалым желтоқсан оқиғасының 15 жылдығына орай оның тарихтағы орны мен сабақтары жөнінде тарихи анықтама берді.

Желтоқсан оқиғасының ащы шындығын Р.Спанова айқындауға тырысты. Желтоқсан ызғарынан жазаланған жастардың тағдырын анықтай отырып, олардың күрес жолдарын ерлік санатынына қосты[3].

1986 жылғы қозғалысты 1991 жылы нақтылап, айқындауға тырысқан жинақ «Айғақ-кітап» деп аталады. М.Шаханов желтоқсан оқиғасының ақиқатын анықтауға тырысқан қызмет барысы мен жалпы желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығы туралы жақсы мәліметтер келтірген[4].

Жазушы Т.Бейісқұловтың «Желтоқсан ызғары» еңбегінен қазақ жастарының патриоттық сезімдерін аңғаруға болады. Ал Б.Әбдіғалиев, Б.Көрпебайұлы «Желтоқсан 86» кітабының 5 томы басылып шықты. «Желтоқсан 86» жинағында көтеріліске қатысты деректер мен дәйектер жарияланған. Көтерілістің республика аймақтарында шарпындығын айқындайтын материалдар және көтеріліске қатысты зиялылардың айтқан пікірлерімен сараптамалары берілген.

1985 жылы Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Онда Орталық партия Комитетінің Бас хатшысы М. С. Горбачев баяндама жасап, қоғамды демократиялық бағытта қайта құру жөнінде шешім қабылданды. Бірақ бұл шешім тек сөз жүзінде қалды. Іс жүзінде ол кеңес қоғамын ыдыратуды тездетті. Оны Қазақстанның партия, Кеңес органдары қызметінен байқауға болады. Қазақстанда Одақтың барлық жерлеріндегі сияқты тоқырау жылдарында басқару ісінде жағымпаздық, паракорлық, рушылдық, жершілдік сияқты көптеген келеңсіз құбылыстар кеңінен орын алды. Бұл жылдары ұлт саясатында, әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде көптеген ауытқушылыққа жол берілді. Жалпы барлық кеңес қоғамы үшін бұл кезде қоғамдық ойдың мәні өзгеріп, сөз бен істің арасында алшақтық, қайшылық кең өріс алды. Міне, осымен байланысты 1986 жылғы ақпан айында болып өткен Қазақстан Компартиясы XVI съезінде жасаған баяндамасында, ол кезде Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істеген Н.Ә. Назарбаев және съезде шығып сөйлеген басқа да делегаттар мұндай келеңсіз жағдайларды өткір сынға алды. Олар көптеген күрделі және маңызды мәселелерді партия комитеттерінің уақтылы шешпейтінін, олардың қызметі ауқымынан тыс қалатынын, проблемалық мәселелерді шешуге ескіше қараудың кеңінен орын алып отырғанын ешқандай бүкпесіз айтып берді.

1986 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевты орнынан алған кезде айырықша көзге түсті. Пленум мәжілісі небары 18 минутқа созылды. Осы уақыт ішінде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А. Қонаев қызметінен алынып, оның орнына Мәскеу жіберген Г.В. Колбин сайланды. Мұның өзі қайта құру мен демократиядан үлкен үміт күтіп отырған республика халқының, соның ішінде қазақ жастарының наразылығын туғызды[5].

Желтоқсан 1986-халықтың жас ұрпағының қозғалысы. Ол айдарына қорғаныс табысы басталған М.Горбачевтың «Қайта құру» бағдарламасын шын мәнінде жаңғырту заңнамасы екен деп аталған ұлттың жас өкілдері еді. Желтоқсан қозғалысы үш күн ішінде бірнеше сатыдан өтті.

Алаңға бейбіт жастар шықты. Жалпы күш көрсетеміз деген ой олардың санасында да жоқ еді. Бірақ наразылық білдірді. Көтерген ұнқағаздары болды. «Ленин идеясы жасасын!» деген ұнқағаз ұстағандардың өзі де жауапқа тартылды. Жастардың алаңға шығу себептері әртүрлі. Олардың, кейбіреулері мұнда талай жылдар бойғы шовинистік кеудемсоқтыққа өкпе-наразылығын білдіргілері келсе, басқалары "ұлттық намысты қорғау" ұранына еліктей аттанды. Шеру саяси сипатта өтті және ол басқа халықтарға, соның ішінде орыстарға қарсы бағытталмады.

17 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 8-де қаладағы қазіргі Республика алаңы саяси тәуелсіздікті талап еткен ұрандармен алғашында 300-дей адам жиналып, кешкісін көтерілісшілер саны 20 мыңға жетті. Бірақ көтерілісшілердің қойған талап-тілектері аяқ асты етіліп, "бұзақыларды" күшпен тарату мақсатында алаңға құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізілді. КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған "Құйын - 86" операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды.

18 желтоқсан күні алаңға қайта жиналмақ болған көтерілісшілерге қарсы әскер күші қолданылды. Көтерілісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен

жасақшылардан арнайы топтар құрылып, қала көшелеріне аттандырылды. Осы әскери күштер 19 желтоқсан күні қаланың әр тұсында қайтадан шеруге шықпақ болған 6 топты басып, таратты. Алаңдағы көтерілісшілер таратылған соң ішкі істер бөлімдеріне 2401 адам жеткізілген. Бұл оқиғаларға мұрағат деректері бойынша 60 мыңнан астам адам қатысты, 8 мыңнан астам адам қамауға алынды, 200 қатысушы сотталды, 1,5 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, әкімшілік жазалауға тартылды. Қаншама жас қыршын қаза тапты[6]. Желтоқсан көтерілісі құрбандарының қатарында Қ.Рысқұлбеков, Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар.

Желтоқсан қозғалысында елін-жерін, халқын жан жүрегімен сүйген, ұлтының азаттығы мен теңдігі жолында шыбын жанын құрбан еткен атпал азаматтар аз емес. Сондай азаматтардың бірі - ұлтының басына сын сағат туғанда жас болса да бас бола білген, әділетсіздікке қасқая қарсы тұрып, азаматтық мінез танытқан «Халық қаһарманы» - **Қайрат Рысқұлбеков**.

Қайраттың есімі бүгінде «әр қазақ - менің жалғызым» дейтін ел жүрегінен ойып тұрып орын алған. Қайрат Рысқұлбеков 1966 жылы наурыздың 13-де Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында дүниеге келді. 1973 – 81 жылы Шу ауданы Төле би ауылындағы орналасқан Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқып, 8 жылдық білім алды. 1981 – 1983 жылы Бірлік ауылындағы бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек тауарлы-сүт фермасында жұмыс істеді. 1984 – 1986 жылы Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағазымен марапатталып, әскери бөлімше командирлері ата-анасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді. 1986-жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға келіп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. 1986-жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның бас тізгіні қайдағы біреуге тапсырылуына бейбіт наразылық білдірген жастар мен студенттерге қосылып, Орталық алаңға шығып, шеруге қатысты[7].

Қазақ қыздарын шашынан сүйреп, айуандықпен тепкілеп, кейбіреулерін, тіпті, қаныпезерлікпен көк мұзға отырғызуға дейін барды. Көтеріліс қатыгездікпен жаншылғаннан кейін 1987 жылдың қаңтарында ішкі істер органының қызметкерлері «Алматыда бір төбелеске қатысты» деген себеппен Қ.Рысқұлбековті Мойынқұм ауданының орталығында тұратын нағашысы – М.Асанбаевтың үйінде демалып жатқан жерінен ұстап әкетеді. Кейіннен, көпшілікке мәлім болғанындай, тергеушілер әрекеттерімен Қ.Рысқұлбековке неше түрлі айла-шарғылар қолдана отырып, оны С.Савицкийдің өліміне кінәлі етеді.

Қазақ КСР-і Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының төрағасы Е.Грбарниктің 1987 жылы 16 маусымдағы Үкімімен Қ.Рысқұлбеков – ең жоғары жаза – өлім жазасы – атуға бұйырылды. Зиялы қауым өкілдері СОКП Бас хатшысы Горбачев пен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының төрағасы Громыконың атына Қ.Рысқұлбековтің жазасын жеңілдету туралы өтініштерін жолдады. Кейіннен Қ.Рысқұлбековтың ату жазасы амалсыздан 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды. Бірақ Шу, Қарағанды темір жол бекеттері арқылы Рысқұлбеков белгісіз себептермен Семей түрмесіне жеткізіліп, құпия жағдайда оның өміріне қастандық жасалды.

Ғұмыры қысқа болса да Қайрат қазақ халқының санасында туған ұлтының азаттығы, тәуелсіздігі жолында қандай батыл қадамға болса да баруға қабілетті, ержүрек азамат ретінде сақталып қалды. Қ.Рысқұлбеков сынды батыр ұлдарымыздың есімдері туған еліміз аман тұрғанда Тәуелсіздігімізбен бірге жасай бермек.

"Қазақ" деген қаным бар деп бастап, "Еркек тоқты құрбандық, атам десең атыңдар" деп аяқтаған қайсар Қайраттың даусы да тым жақында естіліп еді ғой?! Осы азаттық үшін үнемі күрескен халықтың еншісіне тиген қайғы-қасіретті көре жүріп, көтере білген халық нағыз қайсар халық емес пе?! Бордай тозып, жоқ болып кетпей "тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалған халық" нағыз ұлы халық екенін таныта білді. Көрген ауыр хикметінен

кейін де "бас шұлғып, үнсіз көнетін" әдетті бойларына жұқтырған жоқ. Қанына намыс дарыған, рухына кие енген халық үнемі тәуелсіздікке ұмтылды. Көксеген тәуелсіздігін алды. Терезі тең, байрағы желбіреген ұлттар санатына ілігу үшін талай ауыртпалық бастан өтті. Енді мұхиттың арғы жағындағы Біріккен Ұлттар Ұйымында көк байрағы, алтын зерімен күнге шағылыса желбіреді. Саяси қуғын-сүргін көргендерді ақтады, басына ескерткіш орнатты. 70 жыл сананы улаған қызыл заманның солақай саясатының күлпаршасын шығарды. Қазақ хандарының, билерінің, батырларының рухы халқына кие болып оралды. Ұлттық діл мен дін жүрегімізге еніп, алпыс екі тамырға қуат таратты.

Қазақстандағы 1986 жылғы қазақ халқы жастарының серпілісі азаттық қозғалысы шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. «Желтоқсан көтерілісі – ғасырлар бойы жиналған ашу-ыза жарылысы. Яғни біздің халқымыздың тіл мүддесі, рух мүддесі – осының бәрінің қосындысы ашу-ыза тудырғаны шындық. Қазақ халқы орыстардың қол астында бола отырып азаттық пен тәуелсіздікті аңсау кезінде әр түрлі деңгейдегі 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісін өткізді. Соның қорытындылаушысы, егемендікке бастаған көтеріліс – Желтоқсан көтерілісі», - деді ақиық ақынымыз Мұхтар Шаханов. Демек бұл әншейін ауыз толтырып айтуға қана жарайтын оқиға емес, бұл шын мәніндегі елді, бүкіл Кеңестер Одағын елең еткізген, күш қолданып басуға мәжбүр еткен көтеріліс екендігінде дау болмаса керек.

Қазіргі таңда 16-17 желтоқсанды тәуелсіздік мейрамы етіп жариялады. Сондықтан 16 желтоқсанның қасыретті күн екендігін жадымызда сақтап әрі Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы талпыныстардың ақталған күні екендігін сезінуіміз қажет. Сол себепті де әрі арманға қол жеткізген күн деп шаттық ретінде атап өтіп, екінші жағынан Желтоқсан құрбандарына да тағзым ете жүруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.- Алматы, 2003.-346
2. Қозыбаев М. Тәуелсіздік рухы.- Алматы, 1998.
3. Спанова Р. Біз білетін желтоқсан, - Алматы, 2000.
4. Шаханов М. Айғақ-кітап,- Алматы, 1991.
5. Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары,- Алматы, 1994.
6. Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары,- Алматы, 1994.
7. Табей К. Қайсар рухты қазақ Қайрат Рысқұлбеков.- Алматы, 1994.-5,66

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА

Ханатбекова К.Д.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Сақабай Т.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағнды мемлекеттік университеті

Алаш - бауырлас, туыстас, яғни, көне заманда, түркілер бөлінбей тұрып дүниеге келген ұғым. Орта ғасырлық ертедегі деректерде қазақтың өз алдына жеке дара құрылғанға дейінгі ортақ атауы. Алаш - тарихта кездесетін көне ұғым. «Алаш» сөзі - қазақ деген сөзбен пара-пар. Қазіргі таңда Алаш атауын Алаша ханмен де байланыстырып жатады. Алаша хан-халық аңызы бойынша «Алты алашты» құрған тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде Алаша ханның шыққан тегі өте қарапайым екендігі айтылады. Орта ғасырлық мұраларда Алаша хан-ХІV ғасырдың ІІ жартысы мен ХV ғасырдың І жартысында өмір сүрген әрі батыр, әрі би, әрі ұлыс билеушісі. Алаша хан - ел жадында жауынгер тайпа түркілерді біріктіріп, тұңғыш алаш(қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер. Әбілғазы шежіресінде Алаша ханның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересінің есімі-оғыздардың түп атасы-Оғыз хан болғандығы айтылады[1]. Рашид әд-Дин мен Әбілғазы Алаша ханның өмір сүрген жері - Дешті Қыпшақтың орталық бөлігі деп көрсетеді. Алаша ханның ордасы сонау Ұлытау өңірінде болғандығы көрсетіледі. Алаш атауы - түрікмен, қырғыз, ноғай халықтарының жадында жақсы сақталған. Тіпті кеген тас